

6D011000- «Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми кеңесшісі физика-математика ғылымдарының докторы, доцент Тұрмамбеков Төрбай Абдрахманұлының

ШҚІРІ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы мен 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050» стратегиясы: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған негізгі мәселелердің бірі – білім алушыларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Олардың оқыту нәтижесі студенттердің сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игерген болуға тиіс делінген Елбасы жолдауында. Демек, болашақ маман иесін заман талабына сай даярлау, қазіргі жоғары оқу орындарының басты мақсаттарының бірі екендігі белгілі.

Осы орайдан алғанда, PhD-докторант Б.С.Уалиханова өзінің зерттеу жұмысында болашақ дәрігерлердің кәсіби бағытта оқыту әдістемесін дамытудың педагогикалық негіздерін айқын көрсеткен және PhD-докторлық диссертациясы жоғары оқу орындарының сапалы білім беруде қосатын өзіндік үлесі барын ескерсек, Б.С.Уалиханованың зерттеу жұмысы қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Заманауи білім беру процесінің жаңаруы жоғарғы мектептерде педагогикалық процестің өзгеше жолдарын іздестіруді талап етеді, яғни: студенттердің кәсіби білім мен біліктілікті сапалы меңгеруін қамтамасыз ету; оларды шығармашылық бағытта қолдана алу; бастамашылдығы; коммуникабельділігі; белсенділігі; болашақ мамандардың үздіксіз білім алуға даярлығы және т.б.

PhD-докторанты Б.С.Уалиханованың ғылыми-зерттеу жұмысының жетістіктерін төмендегі түрде көрсетуге болады:

Б.С.Уалиханованың болашақ дәрігерлерді кәсіби бағытта дамыту мақсатында «Физика» пәнін оқыту әдістемесін жасауға арналған диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы бар.

Теориялық құндылығы - білім беру іс-әрекетін жүзеге асыру, мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру заңдылықтарын, сондай-ақ, педагогикалық үдерістегі ақпараттың әлеуметтік рөлі туралы ережені ашып беретін қазіргі заманғы философиялық, психологиялық және педагогикалық тұжырымдамалар құрайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Медициналық мамандықтарға арналған физика пәнінен тесттер» атты әдістемелік нұсқаулық даярланып, оқу үдерісіне енгізілді.

Уалиханова Баян Сапарбековнаның зерттеуін іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарына жатқызуға болады. Өйткені, болашақ дәрігерлерді даярлауда физиканы кәсіби бағытта оқытуды қарастыру, оны педагогикалық үдеріске ендіру бұған дейін толық мәнді зерттелмеген. Зерттеу жұмысында физика пәнін кәсіби бағытта оқыту арқылы болашақ дәрігерлердің практикалық икемділіктері мен дағдыларының, қолданбалы білімдерінің қалыптасуы ғылыми тұрғыда сарапталып, негізделген.

Сондықтан Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» атты ғылыми зерттеу жұмысы аяқталған жұмыс, автор «6D011000 - Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D010000 - «Білім беру» (жаратылыстану ғылымдары) бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөнінде құрылған диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп ұсынамын.

Пікір беруші:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, «Физика» кафедрасының
меңгерушісі, физика-математика
ғылымдарының докторы, доцент**

